

***Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК***

Өндірістік кеңестің хаттамалары

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

19.09.2022 ж

Қатысқандар саны- 11

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылына дайындық қортындысы
2. Бөбекжай қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібімен таныстыру

1.Тыңдалды Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері жаңа оқу жылына топтардың жабдықталуы және дайындығы туралы мәлімет жасады. Топ бұрышы,ата-ана бұрышы,топтың тізімі,толықтырылуы,ауыстырылуы бойынша,жалпы оқу жылына дайындықтары талқыланды.Оқу тәрбие жұмыстарына арналған дидактикалық материалдарды толықтыруды,жинақтауға ұсыныстар берілді.

2.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері Ж.Нуралиева тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Шешімі:

- 1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп бағалансын. Оқу тәрбие жұмыстарына арналған дидактикалық материалдар толықтырылсын.
2. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын

Кеңес төрайымы

Хатшысы



А. Кузенбаева

Ж. Нуралиева

23.01.2023 ж

Қатысқандар саны- 12

Күн тәртібі:

1. Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау
2. І-ші жартыжылдықтағы тамақтану және науқастық анализі

1.Тыңдалды.Бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, І-ші жартыжылдықтағы тамақтану және науқастық анализі бойынша мәлімдеме жасады.Жаңа маусым күз мезгілінің аяқталып қыс мезгілінің басталуына байланысты тамақтану сапасын толықтырулар еңгізілуі туралы айтып өтті.Ас мәзірінде азық түлік сапасын бақылауды,тамақтану барысында норманың сақталынуы,азық түлік қоймаларының талапқа сай болуын қадағалау жұмыстары талқыланды.Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары,үйлесімді тамақтану тәртібі,гигиеналық талаптарды сақтау ережелері қайта түсіндірілді.Барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес эпидемиологиялық қортындылары қаралды.

Бөбекжайда тұмау немесе басқада себеппен ауырған балаларды қабылдамау,ата-анасына ескерту,дәрігердің анықтамсы бойынша себепін еңгізу туралы айтылды.

Шешімі:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
2. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын қадағалау жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы

Хатшы



А. Кузенбаева

М. Мурсалова

